

**Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 217 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2443. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысымен (қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)*

---

Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17 және 20-баптарына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркелуге жатпайтын акциялардың эмиссияларына ұлттық бірегейлендіру нөмірін беру, акцияларды шығару және орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті қарау және акциялар эмиссиясын жою ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 тамыздағы N 304 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1979 тіркелген, 2003 жылғы 22 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу

ш а р а л а р ы н

қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан Тізілім ұстаушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
"Жарияланған акциялар  
шығарылымын мемлекеттік  
тіркеу, акцияларды  
орналастыру қорытындылары  
туралы есепті бекіту және  
акциялар шығарылымын жою  
ережесін бекіту туралы"  
2003 жылғы 4 шілдедегі  
N 217 қаулысымен  
бекітілген

**Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесі**

*Ескерту. Барлық мәтін бойынша "екі данамен" деген сөздерден кейін "қағаз тасымалдаушысында және бір данамен электрондық тасымалдаушысында" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" (бұдан әрі - Заң) Бағалы қағаздар рыногы

туралы " Заңдарына сәйкес әзірленді және акционерлік қоғамның (бұдан әрі - қоғам) жарияланған акцияларын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акцияларын шығарылымын жою тәртібін айқындайды.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуді және акциялар шығарылымын жоюды қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган ( бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады. <\*>

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

2 . < \* >

*Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

### **2. Жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеу**

3. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін қоғам уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;  
2) қоғамның құрылтай жиналысының (бір құрылтайшының шешімі) немесе акционерлерінің жиналысының (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші акционердің шешімі) жарияланған акциялар шығару туралы шешіммен бірге х а т т а м а с ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және статистикалық карточканың көшірмелері;

4) ж а р ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

5) соңғы екі қаржылық жылдың аудиторлық есептермен расталған қаржы есебімен (жаңа құрылған қоғамдарды қоспағанда) және жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттар ұсыну алдындағы соңғы ай соңындағы жағдай бойынша қаржы есебімен бірге осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акциялар шығарылымының проспектісін екі данамен қағаз тасымалдаушысында және бір данамен электрондық тасымалдаушысында;  
< \* >

6) құрылтайшылардың жарғылық капиталды (акцияларды алғашқы рет шығарған жаңадан құрылған қоғамдар үшін) төлегенін растайтын құжаттардың к ө ш і р м е л е р і ; < \* >

6-1) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне ақы төлеуді растайтын

құжаттардың көшірмелері (жарғылық капиталы акцияларды орналастыру қорытындылары туралы бекітілген есеп бойынша кемінде 50.000 айлық есеп көрсеткішін құрайтын қоғамдар үшін)

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

4. Қоғамды қайта ұйымдастыру арқылы құру кезінде қоғам осы Ереженің 3-тармағының 1)-6) тармақшаларында аталған құжаттардан басқа:

1) қосу және біріктіру арқылы қайта ұйымдастыру кезінде - өткізу актісінің және біріктіру немесе қосу шартының көшірмелерін;

2) бөлу және бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде - бөліну балансының көшірмесін;

3) қайта құру кезінде - өткізу актісінің және заңды тұлға тіркелген күнгі қаржы есебінің көшірмелерін ұсынады.

5. Уәкілетті орган жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге ұсынған құжаттарды олар алынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды.

6. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) қоғамға жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді;

2) акциялар шығарылымы проспектісінің уәкілетті органның оны тіркеу туралы белгісі қойылған бір данасын қоғамға қайтарады.

### **3. Акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

7. Жарияланған акциялар санының ұлғаюына және төлем агентінің ауысуына қатысты өзгерістер уәкілетті органда тіркелуге жатады. <\*>

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

8. Акциялар шығарылымының проспектісіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін қоғам уәкілетті органға:

1) еркін нысанда жасалған өтінішті;

2) акциялар шығарылымының проспектісіне енгізілген, бірінші басшы, бас бухгалтер, ішкі аудит қызметінің (егер ол бар болса) басшысы қол қойған және қоғам мөрінің таңбасымен расталған өзгерістер мен толықтыруларды екі данамен қағаз тасымалдаушысында және бір данамен электрондық тасымалдаушысында;

< \* >

3) негізінде акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қоғам органының шешімінің көшірмесін;

4) әділет органының белгісі қойылған барлық енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен бірге жарғының көшірмесін (қоғамның атауы және/немесе жарияланған акциялардың саны өзгерген жағдайда); <\*>

5) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасын (қоғамның атауы және/немесе жарияланған акциялардың саны мен түрі өзгерген жағдайда); <\*>

6) орналастырылған акциялардың (қоғам сатып алған акцияларды шегеріп тастағанда) жалпы санының он және одан көп (халықтық қоғамдар үшін - бес және одан көп) процентін ұстаушылар туралы тіркеуші берген анықтаманың түпнұсқасын ұсынады.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

9. Уәкілетті орган акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды олар алынған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қарайды.

10. Акциялар шығарылымының проспектісіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган қоғамға акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістермен толықтырулардың оларды тіркеу туралы белгі қойылған бір данасын береді.

11. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:

1) қоғамның атауы өзгерген;

2) жарияланған акциялардың саны көбейген мынадай жағдайларда ауыстырылады;

3) акцияның түрі өзгерген жағдайда ауыстырылады. <\*>

*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

12. Жарғылық капиталы кемінде 50.000 еселенген ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде төленген, акциялары жабық немесе жеке тәсілмен орналастырылған қоғам жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) соңғы екі қаржылық жылдың аудиторлық есептермен расталған қаржы есебімен және жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттар алу үшін соңғы ай соңындағы жағдай бойынша қаржы есебімен бірге

осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акциялар шығарылымының проспектісін екі данамен қағаз тасымалдаушысында және бір данамен электрондық тасымалдаушысында; <\*>

3) ҰБН беру туралы куәліктің (куәліктердің) түпнұсқасы (түпнұсқалары).

*Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

13. Уәкілетті орган жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру үшін ұсынылған құжаттарды олар алынған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қарайды.

14. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган қоғамға жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және акциялар шығарылымы проспектісінің оны тіркеу туралы белгі қойылған бір данасын береді .

Егер жарияланған акциялардың санын ұлғайту жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайтпастан орналастырылған акциялар санын ұсақтау арқылы (бұдан әрі - акцияларды ұсақтау) жүзеге асырылған жағдайда, уәкілетті орган куәлікте және ілеспе хатында жарияланған акциялардың саны орналастырылған акциялар санын ұсақтау есебінен ұлғайғандығын көрсетеді.

*Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 217 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).*

#### **4. Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту**

15. Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін қоғам уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) акцияларды орналастыру аяқталған күнгі немесе есепті ай соңындағы жағдай бойынша қаржы есеп; <\*>

3) баспасөз басылымының нөмірін шыққан күнін көрсете отырып акцияларды орналастыру туралы хабар жарияланған баспасөз басылымы (егер акциялар инвесторлардың шектеусіз тобы арасында орналастырылған жағдайда) бетінің көшірмесін; <\*>

4) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті екі данамен қағаз тасымалдаушысында және бір данамен электрондық тасымалдаушысында; <\*>

5) егер осы орналастыру құрылтайшылар арасында жүзеге асырылмаса, қоғамның директорлар кеңесінің акциялар орналастыру туралы шешімінің к о ш і р м е с і .

*Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

16. Қоғамның акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

- 1) есепті бекітеді және қоғамға акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептің бекітілгендігі туралы хабарлама жібереді;
- 2) есептің бекітілгендігі туралы уәкілетті органның белгісі қойылған есептің бір данасын қоғамға қайтарады.

16-1. Акциялар шығарылымының проспектісіне акцияларды ұсақтаумен байланысты өзгерістер енгізілген жағдайда, эмитент уәкілетті орган бекіткен акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепке енгізілген өзгерістерді және акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаның түпнұсқасын уәкілетті органға ұсынады.

Көрсетілген өзгерістер назарға алынып, уәкілетті орган акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы хабарламаны алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде ауыстырады.

*Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 217 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ).*

17. Егер орналастыру басталған не акцияларды орналастыру қорытындылары туралы соңғы есеп ұсынылған күннен бастап алты ай ішінде қоғам бір де бір акция орналастырмаса, ол уәкілетті органға:

1) осы кезеңде акцияларды орналастыру жүзеге асырылмағаны туралы ж а з б а ш а х а б а р л а м а ;

2) орналастырудың алты айлық мерзімі аяқталған күні тіркеуші берген, орналастырылған акциялардың (қоғам сатып алған акцияларды шегеріп тастағанда) жалпы санының он және одан көп (халықтық қоғамдар үшін - бес және одан көп) процентін ұстаушылар туралы анықтаманың түпнұсқасын ұсынады.

18. Акциялардың орналастырылмағандығы туралы хабарды қарау нәтижесі бойынша уәкілетті орган қоғамға осы хабарламаның назарға алынғандығы туралы хат жібереді.

## **5. Акциялар шығарылымын жою**

## 19. Акциялар шығарылымы:

1) соттың шешімімен мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

2) қоғам ерікті түрде қайта ұйымдастырылған (осы қоғамға басқа заңды тұлғаны қосуды немесе осы қоғамнан жаңа акционерлік қоғамды бөліп шығаруды есептемегенде) немесе таратылған;

3) соттың шешімімен эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайларда жойылады.

20. Акциялар шығарылымын жою үшін қоғам уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда, тіркеушінің атауын көрсете отырып жасалған өтініш; <\*>

2) соттың мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешімінің, немесе шығарылымды мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану туралы шешімнің көшірмесі; немесе

акционерлердің жалпы жиналысының қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату және акциялар шығарылымын жою туралы шешімінің көшірмесі; <\*>

3) жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және (немесе) ҰБН беру туралы куәліктің түпнұсқасы;

4) акциялар шығарылымы проспектісінің оған енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге түпнұсқасы;

5) акцияларды орналастыру қорытындылары есептің (есептердің) және уәкілетті органның акцияларды орналастыру қорытындылары есепті бекіту туралы хабарламасының (хабарламаларының) түпнұсқасы (нұсқалары).

*Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

21. Осы Ереженің 20-тармағының 3)-5) тармақшаларында аталған құжаттардың түпнұсқалары жоғалған жағдайда қоғам баспасөз басылымында жоғалған құжаттардың жарамсыздығы туралы жарияланған ақпараттың көшірмесін ұсынады.

22. Осы Ереженің 19-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітпестен акциялар шығарылымын жоюға жол беріледі. Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітпестен акциялар шығарылымы жойылған жағдайда қоғам уәкілетті органға осы Ереженің 20-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған құжаттарды ұсынады.

23. Акциялар шығарылымын жою үшін уәкілетті органға қоғам ұсынған құжаттар олар алынған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қаралады.



24. Акциялар шығарылымын жою үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган акциялар шығарылымын жояды және қоғамға акциялар шығарылымын жою туралы хабарлама жібереді.

**6. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден және акциялар шығарылымын жоюдан бас тарту**

25. Уәкілетті орган бас тарту себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарында белгіленген жағдайларда жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден және акциялар шығарылымын жоюдан бас тартады.

26. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден және акциялар шығарылымын жоюдан бас тартылған жағдайда қоғам уәкілетті органның ескертулерін екі ай ішінде жояды. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу және акциялар шығарылымын жою үшін құжаттарды қайтадан ұсынған кезде қарау мерзімі қайтадан есептеледі. <\*>

*Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

**7. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою үшін ұсынылған құжаттардың мазмұны және ресімдеу**

27. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою үшін уәкілетті органға қоғам ұсынған өтініш және құжаттар өтініште осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізілімін ұстаушының мемлекетте осы қоғам акцияларының бар (жоқ) екені туралы мөртабанының таңбасы болса қарау үшін қабылданады.

28. Акциялар шығарылымының проспектісі қаржы есебімен бірге тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалатын қағаз пломбамен бекітіледі және қоғам мөрінің таңбасы қойылады. Акциялар

шығарылымының проспектісіндегі мәліметтер уәкілетті органға проспектісін ұсыну алдындағы есепті кезең үшін қаржы есебі жасалған күнге сәйкес келуі тиіс . Көрсетілген күн "проспект күні" болып табылады.

28-1. Қаржы ұйымдарын қоса алғанда, қоғамдар бухгалтерлік баланстан, кірістер мен шығыстар туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен және меншік капиталындағы өзгерістер туралы есептен тұратын қаржылық есепті ұсынады. Жылдық қаржылық есепке есеп саясаты жөніндегі ақпарат және түсіндірме жазба қоса беріледі. <\*>

*Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

29. Қосымша (түзетілген) құжаттар уәкілетті органға ілеспе хатпен ұсынылады. Ілеспе хатта уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден және акциялар шығарылымын жоюдан бас тарту туралы хатының шығыс нөмірі мен күні, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

30. Егер осы Ережеде (көшірмелер бірінші басшының, бас бухгалтердің қолымен және қоғам мөрінің таңбасымен бекітіледі) ұсыну белгіленбесе қоғам құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады. <\*>

*Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

31. Құжаттың көшірмелеріндегі немесе құжаттағы парақтар көп болған кезде әрбір парақ расталады не құжат тігіледі және тігістің түйініне және параққа жартылай желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Бірінші басшының, бас бухгалтердің қолдары және мөр таңбасы қағаз пломбаға жартылай, құжаттың парағына жартылай қойылуы тиіс. <\*>

*Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

32. Құжаттарда түсініксіз түзетулер, сызып тастаулар, тазалаулар, түзетілген жерлер, қосымша жазулар (қосымша басулар) жасауға жол берілмейді. Түзету жасалған кезде сызып тасталған сөз анық оқылуы тиіс. Әрбір түзету (толықтыру) түсіндірілуі тиіс, мысалы: "түзетілген ... дұрыс", "қосымша жазылған .. дұрыс", "сызып тасталған ...оқылмасын", құжатқа қол қойған тұлғалар растауы және қоғамның мөрінің таңбасымен расталуы тиіс.

## **8. Қосымша ережелер**

33. Уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамның жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушыға осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан б о й ы н ш а :

- 1) жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу;
- 2) акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды т і р к е у ;
- 3) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту;
- 4) акциялар шығарылымын жою туралы хабарлама жібереді.

34. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою кезінде уәкілетті орган берген құжаттардың түпнұсқалары жоғалған жағдайда қоғам баспасөз басылымдарында жоғалған құжаттардың жарамсыздығы туралы ақпарат жариялау шартымен дубликат беру үшін өтініш ж а с а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

35. Осы Ережелерде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ж а р и я л а н ғ а н а к ц и я л а р  
ш ы ғ а р ы л ы м ы н м е м л е к е т т і к  
т і р к е у , а к ц и я л а р д ы  
о р н а л а с т ы р у қ о р ы т ы н д ы л а р ы  
т у р а л ы е с е п т і б е к і т у  
ж әне а к ц и я л а р ш ы ғ а р ы л ы м ы н  
ж о ю е р е ж е с і н е  
1-қосымша

#### **Акциялар шығарылымының проспектісі**

Акциялар шығарылымының проспектісінің мәтіні акционерлік қоғамның қаржы жағдайы мен қызметі туралы ақпараттан тұрады.

1. Акциялар шығарылымының проспектісінің титул парағында:

- 1) құжаттың атауы: "Акциялар шығарылымының проспектісі";
- 2) қоғамның толық және қысқартылған атауы;

3) "Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектіде жазылған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар ұсынуды білдіреді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуіне ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы осы

проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды" деген жазба болады.

## **Акциялар шығарылымы проспектісінің мәтіні**

### **1. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер**

#### **2. Акционерлік қоғамның атауы.**

Осы тармақта акционерлік қоғамның толық және қысқартылған атауын көрсету қажет.

Егер акционерлік қоғамның жарғысында оның шетел тілінде толық және қысқарған атауы көзделген болса, онда осындай атауды қосымша көрсету керек.

Акционерлік қоғамның атауы өзгерген жағдайда оның бұрынғы толық және қысқарған атаулары, сондай-ақ оның өзгерген күні көрсетіледі.

Егер акционерлік қоғам заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдасу нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдасқан заңды тұлға және акционерлік қоғамға қатысты құқық иеленушілік туралы мәлімет көрсетілуге тиіс.

#### **3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет.**

Осы тармақта акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні және куәлігінің нөмірі, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асыратын органның атауы көрсетілуі қажет.

#### **4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі.**

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефоны мен факстің нөмірі, электронды почтаның мекен-жайы туралы ақпарат.

#### **6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері.**

#### **7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері.**

8. Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәлімет.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілеттіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайлары.

10. Акционерлік қоғамның қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, бар болса - әкесінің аты).

### **2. Қоғамның органдары және құрылтайшылары (акционерлері)**

#### **11. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.**

О с ы т а р м а қ т а :

1) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі;

3) акционерлік қоғам орналастырған акциялардың жалпы санына директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың проценттік ара қатынасы;

4) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санына проценттік ара қатынасы;

5) соңғы екі жыл ішіндегі директорлар кеңесі құрамының өзгеруі көрсетілуі қ а ж е т .

12. Акционерлік қоғамның алқалы (жеке дара) атқару органы.

О с ы т а р м а қ т а :

1) акционерлік қоғамның жеке дара атқару органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөні, бар болса - әкесінің аты не акционерлік қоғамның алқалы атқару органының әрбір мүшесінің, оның ішінде басқарма төрағасының аты-жөні, бар болса - әкесінің аты;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың өкілеттіктерін көрсете отырып хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санына директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) проценттік ара қатынасы көрсетілуі керек.

13. Соңғы қаржы жылы үшін қоғамның лауазымдық тұлғаларына төленетін сыйақының және жалақының жалпы сомасы. <\*>

Акционерлік қоғам акциялар шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін үш және одан да көп айдақұрылған жағдайда, сыйақының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да бір басқа нысанда) және соңғы үш айда осы Қосымшаның 11 және 12-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың (тұлғалардың тобы ретінде) акционерлік қоғамнан алған жалақысының жалпы мөлшерін к ө р с е т у қ а ж е т .

*Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

14. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы.

О с ы т а р м а қ т а :

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері;

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам

филиалдары мен өкілеттіктері қызметкерлерінің жалпы саны;

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны және процентпен орналастырылған жалпы санындағы олардың жиынтық үлесі;

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы);

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы).

15. Қоғамның құрылтайшылары немесе акционерлері.

Осы тармақта құрылтайшы (құрылтайшылар) төлейтін акциялар санын немесе қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан да көп (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан көп) процентін иеленетін акционерлерге тиесілі акциялардың проценттік ара қатынасын көрсету қажет. <\*>

Мәліметтерде жеке тұлға - акционердің немесе құрылтайшының фамилиясы, аты, болса әкесінің аты, туған жылы және заңды тұлға - акционердің немесе құрылтайшының толық атауы, орналасқан жері болуы тиіс. <\*>

Акционерлік қоғамның олар бойынша құқықтарды жүзеге асыру мерзімі жарияланған акциялардың мемлекеттік тіркеуге құжаттарын ұсыну күнінен бастап 60 күннен аспайтын дауыс беретін акцияларын сатып алуға жасалған опциондар туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.

*Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен.*

16. Акционерлік қоғам орналастырылған акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесімен) он және одан да көп (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан да көп) процентін иеленетін ірі акционер болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Мәліметтерде заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, қоғамға, ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесі) проценттік ара қатынасы, қызмет түрі, бірінші басшы туралы ақпарат болуға тиіс.

17. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

Осы тармақта көрсетілген ұйымдардың толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері көрсетіледі.

18. Акционерлік қоғамның басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет.

Осы тармақта осы Қосымшаның 11-16-тармақтарында көрсетілген барлық

тұлғалар туралы мәліметтер беріледі, бірақ олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылады.

18-1. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер.

Осы тармақта эмитенттің аффилиирленген тұлғаларымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты көрсету қажет.

*Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

### **3. Акционерлік қоғам қызметінің сипаты**

19. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты, акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

20. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

21. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі.

Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлеміндегі өзгерістерді талдау .

22. Өз өнімдерін (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қоғамның қызметі .

Осы тармақта қоғамның жеткізушілері мен тұтынушылары туралы мәліметтерді олар шығаратын немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жалпы құнының бес және одан астам процентін құрайтын көлемде көрсету қажет. < \* >

*Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

23. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:

1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі;

2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызмет көрсетулердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспортқа акционерлік қоғам сататын өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) үлесі;

3) сот процестеріне акционерлік қоғамның қатысуы туралы мәлімет. Оның қатысуымен сот процестері мәнінің сипаттамасын ұсыну қажет, оның нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметі тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан

ақшалай және өзге міндеттемелер өндіріліп алуы мүмкін;

4) акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот салған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер;

5) тәуекел факторлары:

бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында немесе биржадан тыс рынокта акциялардың бағасына, сондай-ақ рынокта өнім құнының өзгеруіне, қоғамның акцияларының құнына әсер ететін;

инфляцияға, құнсыздануға және банктік проценттерге байланысты; шығарылатын өнімнің бәсеке қабілетіне байланысты; елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне және заңдардың өзгеруіне байланысты; әлеуметтік факторларға және тағы басқаларға байланысты тәуекелдердің толық талдауын ұсыну қажет.

#### 4. Қаржылық емес ұйымдардың қаржы жағдайы

24. Инвестициялар.

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар туралы мәліметтер ашылады.

25. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта:

1) қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам процентін мөлшерде; < \* >

2) дебиторлық берешекті өтеу мерзімдері бойынша;

3) жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

*Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен.*

25-1. Активтер.

Осы тармақта құны қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам процентін құрайтын қоғам мүлкінің сипатын көрсету қажет. < \* >

*Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен.*

26. Қоғамның жарғылық капиталы.

Осы тармақта қоғамның төленген жарғылық капиталының мөлшері туралы мәліметтер көрсетіледі. < \* >

*Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен.*



Осы тармақта қолданыстағы облигацияларды, банк заемдарды және кредиттік желілерді шығару туралы ақпарат ашылады. Заемдар туралы ақпарат міндеттемелердің валюта бөлігінде және оларды орындау мерзімдері бойынша баяндалады. Валюта түрлері бойынша жылдық өлшемде орташа проценттік ставка, жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

28. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар):

1) қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам процентін мөлшерде; < \* >

2) кредиторлық берешектерді өтеу мерзімдері бойынша; жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

*Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*  
29 . < \* >

*Ескерту. 29-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

### 5. Қаржылық ұйымдардың қаржы жағдайы

30. Инвестициялар және бағалы қағаздар портфелі.

Осы мәселе бойынша ақпарат мынадай құрылымда беріледі: басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфелінің бөлігінде сатуға арналған бағалы қағаздар портфелі, өзге де инвестициялар.

Қоғам стратегиясының қысқаша сипаттамасын беру қажет: басқа ұйымдардың капиталына қатысуы, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды басқаруы .

30 - 1 . А к т и в т е р .

Осы тармақта құны қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам процентін құрайтын қоғам мүлкінің сипатын көрсету қажет. <\*>

*Ескерту. 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

31 . Ж а р ғ ы л ы қ к а п и т а л

Осы тармақта акционерлік қоғамның төленген жарғылық капиталы туралы мәліметтер көрсетіледі.

## 32. Банкаралық заемдар.

Осы тармақта банкаралық заемдар рыногында акционерлік қоғам позициясының сипаттамасы ұсынылады.

## 33. Салымдар (банктер толтырады).

Осы тармақта депозиттік базаны сипаттайды, оның ішінде:

1) заңды және жеке тұлғалардың салымдары бөлігінде және мерзімді салымдар мен талап ету бойынша салымдар бөлігінде салымдардың өсу динамикасы;

2) тартылған салымдардың валюта бөлігіндегі салымдар бойынша орташа сыйақылар;

3) заңды және жеке тұлғалардың салымдары бойынша бөлек; салымдардың уақытша құрылымы (кредиторлық берешектерді өтеу мерзімдері бойынша; жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі);

4) соңғы үш жыл ішіндегі валюта түрлері бойынша бөлек салымдар бойынша дебет және кредит айналымдары.

34. Облигациялардың қолданылып жүрген шығарылым құрылымының сипаттамасы және соңғы үш жылдағы өтелген облигациялар туралы мәліметтер.

35. Акционерлік қоғам активтерінің бес процентінен асатын қолданылып жүрген халықаралық заемдарының (сома, өтеу кестесі, сыйақы) шарттары туралы және соңғы үш жылдағы оның активтерінен бес проценттен асатын тартылған және орындалған халықаралық заемдар туралы мәлімет.

36. Басқа ұйымдардан алынған акционерлік қоғамда бар ашық кредиттік желілер туралы мәлімет.

## 37. Қаржы нәтижелерін талдау.

Осы тармақта соңғы екі жылдағы аса маңызды қаржы көрсеткіштеріне талдау келтіріледі: сатылған өнімдердің (көрсетілген жұмыстар, қызметтер) көлемі, таза кіріс, проценттік және процентсіз кірістер мен шығыстар. Аталған көрсеткіштердің таяудағы жылға орындалу болжамы ұсынылады.

38. Соңғы екі жылдағы кірістер мен шығыстардың құрылымы.

39. Акционерлік қоғамның пікірі бойынша аса маңызды болып табылатын және қоғам қызметін сипаттайтын қаржы коэффициенттерінің есебі.

40. Акциялар шығарылымының проспектісінің күніне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген пруденциалдық нормативтер мен орындалуы міндетті нормалар мен лимиттердің маңызы.

41. Қоғамның акция шығару туралы шешімі қабылданғанға дейінгі соңғы алты ай ішінде берілген кепілдіктердің көлемі мен саны.

42. Бұрын берілген кепілдіктер, сот талаптары нәтижесінде пайда болған акционерлік қоғамның ықтимал міндеттемелеріне қатысты өзге де ақпарат.

## **6. Бағалы қағаздардың шығарылымдары туралы мәлімет**

43. Барлық тіркелген бағалы қағаздар шығарылымдарына қатысты:

1) бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі, санаты және нақтылы құны, сондай-ақ бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі және тіркеу күні;

2) бағалы қағаздарды орналастыру күнінің басталуы және аяқталуы. Егер бағалы қағаздарды орналастыру аяқталмаған болса, онда бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге қоғам берген құжаттардағы деректерге сәйкес бағалы қағаздарды орналастыру басталған және аяқталған нақты күнді к ө р с е т у қ а ж е т ;

3) қоғамның бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамауы, облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеуі (төлемді кешіктіруі), жай және артықшылықты акциялар бойынша төлемеуі (төлемді кешіктіруі) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі өткен күні туралы ақпаратты қоса алғандағы фактілер туралы мәліметтер. Дивидендтерді есептеу және төлеу бойынша берешектер болған жағдайда оның с е б е б і н к ө р с е т у ;

4) бағалы қағаздарды орналастыру немесе айналысқа жіберу тоқтатылған немесе бағалы қағаздар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайларда осы шешімді қабылдаған мемлекеттік органның атауы шешім қабылданған күн және оның негіздемесі көрсетіледі;

5) облигациялар бойынша төлемдердің өтеу күні және жалпы мөлшері;

6) бір акцияға (жай, артықшылықты) дивидендтің сомасы және екі соңғы қаржы жылының ішіндегі әрбір жыл үшін әрбір акция түріне дивидендтің жалпы с о м а с ы ;

7) сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауын қоса алғанда, қоғамның бағалы қағаздарымен сауданы жүзеге асыратын негізгі рыноктар көрсетіледі.

## **7. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәлімет**

44. Акциялар туралы мәлімет:

1) акциялардың саны, түрлері;

2) құрылтайшылар арасында орналастырылған акциялардың саны, түрлері;

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақтылы құны;

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері.

45. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары.

Айырбасталатын акциялар шығарған жағдайда осындай айырбастың тәртібі мен ш а р т ы к ө р с е т і л е д і .

45-1. Төлем агенті туралы мәліметтер.

Төлем агентінің толық және қысқартылған атауын, оның орналасқан жерін, байланыс телефондарын көрсету қажет. <\*>

*Ескерту. 45-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

46. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.

Тіркеушінің толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері, байланыс телефоны, сондай-ақ бағалы қағаздар ұстаушысының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы (нөмірі, берілген күні, лицензияны берген орган) туралы деректерді көрсетеді.

Тіркеушілермен жасалған шарттың күні және нөмірі. <\*>

*Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

## **8. Қосымша ережелер**

47. Акциялар шығару шығындардың сомасы.

Осы тармақта акциялар шығарылымының проспектісін жасаған кезде қызмет көрсететін аудиторлардың, сарапшылардың және қаржы кеңесшілерінің сыйақы мөлшері көрсетілсін. < \* >

*Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 141 қаулысымен .*

48. Инвесторларға арналған ақпарат.

Инвесторлардың қоғам жарғысының және акция шығару проспектісінің көшірмесімен танысуға болатын орын туралы, сондай-ақ қоғам инвесторлар арасында таратуға қажетті деп санайтын өзге де ақпарат көрсетіледі.

49. Акцияларды шығару проспектісіне бірінші басшы, бас бухгалтер, ішкі аудит қызметінің басшысы (егер ол бар болса) қол қояды және қоғамның мөрімен куәландырылады.

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесіне 2-қосымша

**Акцияларды орналастыру қорытындылары бойынша ЕСЕП**

1. Қоғамның атауы .

2. Орналасқан жері және банктік деректемелері (қызмет көрсететін банктің

аты, оның орналасқан жері, коды).

3. Жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні.

4. Қоғамның жарғылық капиталы туралы мәлімет.

5. Акциялар туралы мәлімет:

1) шығаруға жарияланған акциялардың жалпы саны \_\_\_\_\_;

жай акциялар \_\_\_\_\_;

артықшылықты акциялар \_\_\_\_\_;

2) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері \_\_\_\_\_.

6. Акцияларды орналастыру туралы мәлімет:

1) акцияларды орналастыру кезеңінің басталу және аяқталу күні (келесі есепті беру кезінде - жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген сәттен бастап орналастырудың барлық кезеңіндегі төлем сомасын көрсете отырып, бұрынғы есепті бекіту күні);

2) акцияларды орналастыру туралы ақпарат (орналастыру түрі, бағасы және егер болса, соңғы сауда-саттықтың күні);

3) орналастырылмаған акциялардың саны.

7. Акцияларға ақы төлеу тәсілі:

1) ақшалай;

2) бағалы қағаздармен;

3) мүліктік құқықпен;

4) зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықпен;

5) қоғамның таза кірісін бөлу есебінен;

6) өзге де тәсілмен.

Осы тармақтың 1)-6) тармақшаларын толтыру кезінде олардың деректемелерін көрсете отырып, акцияларға ақы төлеуді растайтын алғашқы құжаттарға сілтеме жасау керек.

8. Қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет:

1) акция ұстаушылардың тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің атауы және орналасқан жері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;

2) қоғам акциясын ұстаушылардың тізілімі туралы шарттың күні және нөмірі.

9. Акцияларды орналастыру туралы хабар жарияланған баспасөз басылымының атауы және жарияланған күні.

10. Дивидендтер төлемі туралы мәлімет:

1) аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша бір (жай, артықшылықты) акцияның төленген дивидендтерінің мөлшерін көрсете отырып дивидендтерді соңғы төлеу күні;

2) аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша төленген дивидендтердің жалпы сомасы;

3) егер дивиденд уақытында төленбеген жағдай болса, онда акционерлер алдында берешекті өтеу бойынша қоғам қандай шаралар қолданғанын көрсетеді.

11. Акцияларды орналастыру кезеңінің аяқталу күніне қоғамның орналастырылған (қоғам сатып алған акцияларды шегеріп тастағанда) акцияларының он және одан да көп (халықтық қоғамда - бес және одан да көп) процентін иеленетін акционерлер туралы мәлімет. Осы мәліметтер тіркеуші берген анықтама негізінде толтырылады, ол анықтама есептің ажырамас бөлігі болады:

Заңды тұлға - акционерлердің толық атауы немесе жеке тұлға - акционерлердің аты-жөні, бар болса, әкесінің атауы		Заңды тұлға акционерлердің нақты орналасқан жері немесе жеке тұлға - акционерлердің мекен-жайы		Акцияның түрін көрсете отырып, акционерлерге тиесілі акциялардың жалпы саны		Орналастырылған акциялардың жалпы санына проценттік ара қатынасы
---	--	--	--	---	--	--

Есепке бірінші басшы, бас бухгалтер қол қояды және акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылады. Есептің әрбір данасы тіркеуші берген анықтаманың түпнұсқасымен тігіледі және тігістің ұшына және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына соғылады және бірінші басшының қолымен куәландырылады.

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесіне

3-қосымша

**Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушыға ХАБАРЛАМА**

Уәкілетті орган \_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның немесе уәкілетті орган филиалының атауы)

мыналар туралы (жөнінде) хабарлайды (қажетінің астын сызу керек):  
жарияланған акциялар шығарылымын (акциялар шығарылымының  
проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеу;  
жарияланған акциялар шығарылымын (акциялар шығарылымының  
проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуден бас тарту;  
акциялар шығарылымын жою;  
акциялар шығарылымын жоюдан бас тарту;  
акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту;  
акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тарту;  
қоғамның \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ (өтініштің  
Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталға мемлекеттің  
қатысуымен заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушының мөртабанына сәйкес  
реттік нөмірі) өтініші негізінде:

---

А т а у ы :

(Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес)  
Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) негізгі деректері  
(Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес)  
Күні (кк/аа/жж) Нөмірі КҰЖЖ коды

---

Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) басқа да деректері  
(Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес)  
О р н а л а с қ а н ж е р і :  
Бастапқы мемлекеттік тіркелген күні (кк/аа/жж)

---

Б і р і н ш і б а с ш ы :  
(лауазымы және аты-жөні)  
Тіркеуші туралы деректер

А т а у ы :  
О р н а л а с қ а н ж е р і :  
Ш а р т т ы ң к ү н і ж ә н е  
н ө м і р і

---

Акцияларды орналастыру туралы мәліметтер (оның ішінде акциялар  
шығарылымын жою кезінде)

---

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік  
(мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы хат)

Күні (кк/аа/жж)

Нөмірі

---

Жай акциялар туралы деректер  
(Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы  
куәлікке, өтінішке сәйкес)  
ҰБН Саны Сомасы (теңге)

---

Артықшылықты акциялар туралы деректер  
(Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы  
куәлікке, өтінішке сәйкес)  
ҰБН Саны Сомасы (теңге)

---

Шығарылымның жалпы сомасы (нақтылы құны бойынша, теңге)

---

Шығарылымның реттік нөмірі

---

Шығарылымның Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі нөмірі

---

Акциялар шығарылымын жою туралы мәліметтер

---

Акциялар шығарылымын жою туралы (акциялар шығарылымын жоюдан  
бас тарту туралы) хат  
Күні (кк/аа/жж) Нөмірі

---

Жою негізі: | қоғамды тарату  
| қоғамды қайта ұйымдастыру  
| басқасы (көрсету керек)

---

Шығарылымның реттік нөмірі

---

Жай акциялар туралы деректер  
(Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы  
куәлікке, өтінішке сәйкес)  
ҰБН Саны Сомасы

---

Артықшылықты акциялар туралы деректер  
(Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы  
куәлікке, өтінішке сәйкес)  
ҰБН Саны Сомасы



---

Акциялар шығарылымын жою туралы хабарлама күні

---

Шығарылымның Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі нөмірі

---

Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп (бекітілген немесе бекітуден бас тартылған) жөніндегі мәліметтер

---

Есептің бекітілгендігі туралы (есепті бекітуден бас тарту туралы) хат

Күні (кк/аа/жж)

Нөмірі

---

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы деректер (Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке, өтінішке сәйкес)

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілген күн

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі

Шығарылымның Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі нөмірі

---

Акцияларды орналастыру туралы деректер (акциялар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепке сәйкес)

Акцияларды орналастыру басталған күн (кк/аа/жж)

Акцияларды орналастыру кезеңінің аяқталған күні (кк/аа/жж)

Орналастырылған акциялардың жалпы сомасы

Бір акцияны орналастыру бағасы

Орналастырылған акциялардың саны

---

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесіне

4-қосымша

**Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың тізілімін ұстаушының мөртабандары таңбаларының үлгілері**

<hr/> <p>МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН Республикалық бөлімше 20__ жылғы "__"</p> <p>----- -----</p> <p>N _____ Оператор: _____</p>	<hr/> <p>МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН XX филиалы 20__ жылғы "__"</p> <p>----- -----</p> <p>N _____ Оператор: _____</p>
<hr/> <p>МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ Республикалық бөлімше 20__ жылғы "__"</p> <p>----- -----</p> <p>N _____ Оператор: _____</p>	<hr/> <p>МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ XX филиалы 20__ жылғы "__"</p> <p>----- -----</p> <p>N _____ Оператор: _____</p>